



ISSN1680-0761

М.УТЕМИСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА



M.UTEMISSOV
WEST KAZAKHSTAN
UNIVERSITY



Ғылыми журнал

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ЗКГУ

Научный журнал

Педагогика

Филология

Тарих

Экология

География

2020/
4

<http://wksu.kz>



Жумабекова Ф.Н., Керимбаева Р. БОЛАШАҚ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ИДЕЯСЫН ТӘЖІРИБЕДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ.....	118
Жусупкалиева Г.К., Сугралиева Г.А. ОЦЕНКА РЕЗУЛЬТАТОВ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ.....	125
Кармалиева А.Д. ПРАКТИЧЕСКИЙ ОПЫТ ИНДИВИДУАЛЬНОГО ПОДХОДА В ВОСПИТАНИИ АУТИЧНОГО РЕБЕНКА.....	133
Кожағалиева Р.Ж., Байғалиева Л.Б. КӨЛТАБАНДАРДА ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	138
Омарова Г.А. ИССЛЕДОВАНИЕ РОЛИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ГРАЖДАНСКОЙ АКТИВНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ	144
Сырым Ж.С., Кенжеғұлова Ә.И. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	154
Иргалиев А.С., Бахтиярова Р.Ж. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	160
Жумағалиева А.Е., Есетов Е.Н., Кожахметова Л.А. ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ	178

ФИЛОЛОГИЯ – PHILOLOGY

Umarova G.S., Doukariyeva U.K. THE INFLUENCE OF THE POETIC TRADITION OF PUSHKIN, AVAI.....	186
Умарова Г.С., Уразова А.М. КОНСТАНТА «ДЕД» В РУССКОЙ И КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	193
Азкенова Ж.К. «КАЗАХСКИЙ» ГОГОЛЬ: ТЕНДЕНЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ПЕРЕВОДА И АКТУАЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ.....	203
Акбулатов А.А., Сұлтанғалиева Р.Б., Утемисова Э.К. Р. ОТАРБАЕВТЫҢ «БАС» РОМАНЫ– ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТЫҢ ІЗДЕНІСТІК ҚҰБЫЛЫС	210
Бияшова Б.Қ., Өмірзақ С.Б. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	217
Дильдебаева Ж.Ш., Ержанова С.Б. АЙТЫС ДҮЛДҮЛІ ШЫНБОЛАТ ДІЛДЕБАЕВ	227

ТАРИХ – ИСТОРИЯ – HISTORY

Жумасейтова Г.Т., Айткалиева К.Д. ПОЗНАНИЕ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ ЧЕРЕЗ МИР ХОРЕОГРАФИЧЕСКИХ ОБРАЗОВ	235
Сдықов М.Н. КАЗАХИ В РУССКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ XIX ВЕКА	243
основе исследования казахской литературы. Используются труды таких великих ученых, как	



Т. Какишев, М. Каратаев, З. Кабдолов. Кроме того, мы дали не только теоретическое определение литературной критики и критикам, но также их место и значение в литературе. Произведения не только проанализированы, но и послужили первой теоретической и исторической систематизацией в области критики казахской литературы. Кроме того, были использованы другие исследовательские и аналитические статьи, опубликованные в прессе по данной теме.

Ключевые слова: критика; литературная критика; критика казахской литературы; отрасли критики казахской литературы; цель критики; критик; профессиональный критик; автор.

Biyashova Bibinur, Omirzak Sezim
THE KAZAKH LITERARY CRITICISM: THEORETICAL AND
GENRE FEATURES

Annotation. The article analyzes the main features of the field of criticism and the main tasks of literary criticism, the nature of criticism, the relationship between criticism and critic, criticism and reader, criticism and society, genre features of criticism and stages of development based on the study of Kazakh literature. Used the works of such great scientists as T. Kakishev, M. Karataev, Z. Kabdолоv. In addition, we have given not only a theoretical definition of literary criticism and critics, but also their place and significance in literature. The works are not only analyzed, but also served as the first theoretical and historical systematization in the field of criticism of Kazakh literature. In addition, other research and analytical articles published in the press on this topic were used.

Keywords: criticism; literary criticism; criticism of Kazakh literature; branches of criticism of Kazakh literature; the purpose of criticism; critic; professional critic; author.

ӘОЖ 801.81:81-192

ҒТАХР 17.17.91

DOI 10.37238/1680-0761.2020.80(4).28

Дильдебаева Ж.Ш., Ержанова С.Б.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: zhaina.98@mail.ru, esb72@mail.ru

АЙТЫС ДҮЛДҮЛІ ШЫНБОЛАТ ДІЛДЕБАЕВ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының байырғы өнерінің бірі, фольклорлық жанрдың бірі айтыс жайлы сөз етіледі. Айтыс өнерінің қалыптасып, өркендеуі, зерттеушілердің айтыс жайлы пікірлері, кең етек жаюына атсалысқан ақындар және ХХ ғасырдың екінші жартысында айтыс өнерінің шыңын бағындырып, әдемі сөз орамдары арқылы халықтың жүрегінен орын таба білген Ұлытау өңірінің үмітін үкілеген суырыпсалма ақын ұл-қыздары жайлы, сонымен қатар ерекше көзге түсіп, шаршы топта сөз бастап жүрген дүлдүл ақын, жырау, жыршы-термеші Шынболат Ділдебаев жайлы сөз етіледі. Шын жүйрікті анықтайтын айтыс аламаньындағы ақынның өмірбаяны, айтыстағы жарқын бейнесі және дүниеден озған



ақын өнерінің шамшырағына айналған айтыс өнерінің осы күнге дейін жалғасып, ақын атындағы республикалық және халықаралық деңгейдегі айтыс жайлы мағлұмат беріледі.

Кілт сөздер: айтыс; өнер; суырыпсалма ақын; айтыскер; жезқазғандық Шынболат; бас ақын; кенші.

Kipicne

Айтыс өлеңдері қазақ ауыз әдебиетіндегі ең мол жанрдың бірі. «Айтыс» деген атау – айтысу, тартысу, дауласу, жарысу мағынасында қолданылады. Ақындар айтысы көпшілік алдында, тыңдаушы, сыншы жұрттың көз алдында туып, орындалады. Тыңдаушы жұрт-жиын, айтысушы ақындардың әншілік, домбырашылық, жарыс-кесірін, орындаушылық өнерлерін де бақылап, бағалайды. Жарысқа түсуші ақындар тапқырлықпен, өнерпаздықпен кезек шабуыл жасап қақтығысулары арқылы тыңдаушыларын әр алуан дәрежеде қызықтырып, еліктіріп, неше түрлі құбылыс күйлерге салып отырады. Оның үстіне көбінесе тыңдаушы жұрт екі жақ болып екі ақынның туысы, тілеулесі, жақын ортасы болады. Сондықтан тартыс, талас тек екі ақын арасында ғана емес, бәсеке тілеулестік екі жарылған жиында да болды [1, б. 279-280].

Сәбит Мұқанов өзінің бір сөзінде: «Айтыс – халық өмірін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Одан халықтың қуанышы да, қайғысы да, саяси-шаруашылық тұрмысы да, мәдени дәрежесі де, замана идеологиясы да, әдет-ғұрпы да, жалпы әлеуметтік және жеке адамдардың қарым-қатынастары да, заманына лайық өрбіген тартыстың формалары да көрінеді. Сондықтан айтыс жанрының тақырыптары әлденеше тарау боп бұтақталып кетеді, сол бұтақтардың бәрі халық тұрмысының шындығын біршама дұрыс та бейнелей алады», – деген еді. Айтыс қазақтың ескі заманнан келе жатқан ауыз әдебиетінің бір кең саласы. Халыққа ерте кезден таныс «бәдік», «жар-жар» секілді айтыстар болса, мол мұра қалдырып, тұрмыс тіршіліктің шынайы бейнесін жырлайтын айтыстар – XIX ғасырдың айтысы. XIX ғасырдың айтыстарын жасаушы ақындар тарихта өзіндік орны бар суырып салма ақындар. Олар: Орынбай, Шортанбай, Балта, Кемпірбай, Тезекбай, Жанак, Әсет, Сүйінбай, Біржан, Күдері, Жамбыл, Сара, Ақбала, Рысжан. Қазақтың ескі әдетінде жарысқа түскен жүйрік те, айтысқа түскен ақын өз намысы үшін емес, өніп-өскен жерінің, руының, ел намысы үшін түседі. Айтысқа араласқан Шортанбай, Жанак, Мұрат, Марабай, Сүйінбай сияқты ақындардың айтыстан басқа өлеңдеріне қарағанда, олар жалғыз айтыста ғана емес, сонымен қатар өз заманының барлық күнделікті тіршілігіне араласып, халықтың жақсылығын дәріптеуші, кемшілігін сынаушы, тарыққанда ақылшысы, қуанғанда сайраушысы болғанын байқаймыз. Әр ақында айтыстан басқа талай өлең-жырлар бар, оларды жинау, сыншылық ой елегінен өткізіп, көркемдік-идеялық дәрежесі биік деңгейден табылатын шығармаларды жариялау, бастырып шығару – әдебиеттану ғылымының алдағы кезекті міндеті. Біржан мен Сара, Әсет пен Рысжан, Ақсұлу мен Кеншімбайдың, Мансұр мен Дәменің айтыстарыда зер салып қарайтын болсақ, әдеби норманың сақталғанын, тіл тазалығының жоғарғы деңгейін, сондай-ақ эстетикалық тепе-теңдікті, тіл құрылысы мен образдылықтың дәлме-дәлдігін байқауға болады.

Қазақ елі ислам дінін қабылдап, еркін араласып, араб әрпімен хат тани бастаған айтысқа жаңа түр қосылды, ол – қағазға жазып айтысу. Мұса мен Манат, Ақан мен Нұрқожа, Ақан мен Мәшһүр Жүсіп, Нұржан мен Сапарғали қағазға жазып айтысудың үздік үлгілерін көрсетіп, әдебиет тарихына өз қолтаңбасымен табан тірейді. Уақыт өте келе ауыз әдебиетінің кең саласының бірі болған айтыс жанры біртіндеп жазба әдебиетке ауысып, дәстүрден алшаққа бармай, жанрдың қалыптасып, құлаш сермеуіне өзіндік үлесін қосты [2, б. 5-6].

Ұлы ұстаз М.Әуезов айтыс тек қана қазақ пен қырғызда ғана болып қоймай, өз заманында өзге елдерде де болғанын зерттеген. Ол парсыда «мұшайра», арабтарда «мұғалләкат» деген атпен белгілі. «Арабтардың көшпелі бәдәуилері қара сөзбен емес, үнемі



өлеңмен сөйлескен, қазақ халқының аса бір ұлы қасиеті сол қынаптан суырып алған қылыштай қолма-қол қиып айтатын айтқыштығында, айтыскерлігінде. Бұл қай халықтың алдында да мақтануға тұрарлық өнер», – деп, айтыстың тек қазақ ішінде үздіксіз даму үстінде екенін айтып кеткен. Дала демократиясының жүзі қайтпайтын қаруына айналған ақындар айтысы ақиқаттың аузын буған не бір қатаң заманның өзінде хан мен төренің, би мен бектің бетіне қасқайып тұрып тіке айтқаннан айныған емес. Осындай бір сөзділікпен тәрбиеленген халық «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп ұлттық дамудың, руханияттың темірқазығына айналдырып, халықтың қанында ойнап тұрған рухын асқақтатады. Ақындардың шымырлатып, шыңғыртып шындықты айтқан шумақтары қашанда халық арасынан орын алып, тыңдаушының көңілінен шығады [3, б. 4].

Жанақ, Сүйінбай, Шөже, Түбек, Майкөт, Қабан, Құлмамбет, Жамбыл сияқты елге атағы жайылған ақындардың негізгі – айтыс. Суырып салма ақындар айтысқа ерте жастан қызығып, 15-16 жастарынан ақындық өнерін бастайды. Олардың ел жадында сақталып қалған ірі айтыстарынан басқа әр тойда, ас, мерекеде, қыз-келіншектермен қағысып айтқандары, үлкенді-кішілі, әзіл-күлкілі айтыстарында сан жоқ. Сан мәрте айтыстарда ешбір жаттандылық, қайталау болмаған. Айтыстың шыңындағы Шөже, Сүйінбай, Жанақтардың өзі өмірінде қанша мәрте айтысқа түсіп, сөз қағысқанымен әр сөзінде жаңашалық, өзіндік сөз мәнерімен бірге суырып-салма өлеңдер туғанын мөлшерлеу қиын емес. Жыр додасына түскен суырыпсалма ақындар өлең таба алмай, ұйқасты сөз құрай алмағандықтан жеңілмейді. Ақындардың жеңілу себебі ұтымды дәлелінің болмай, сөздің логикалық жағынан ұтылуынан барып туындайды. Басымдығы мол жақ жеңіліп келе жатқан ақынға қарсы бет бұрып, жалтартқызбай, жеңісті қолдан бермеу үшін өмірлік логикалық шындықтар табады. Дәлелдерін айтып, қарсы сөз айтуға мүмкіндік бермей қояды. Ондай өмір шындығы дауласуға келтірмейтін айқын, мықты дәлелдер құр шешендікпен, құр ұйқас сөз айтқанмен әлсіремейді, мұқамайды. Сондықтан көлденең тыңдаушы-сыншы жұрт та, жол білетін ақын өзі де бұл тартыста жеңілгендікті айқын ұғынып, еріксіз тоқтайтын болады. Айтыс жанрын өз ерекшеліктерімен талдауда бұл жай да айрықша ескеріп өтетін, негізгі мәселенің бірі [1, б. 81-285].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ халқының тіршілігін толықтай бейнелеп, өмірінің айнасы болып, ұлттық рухы таймаған өнердің бірі – айтыс. Айтыс жайлы М. Әуезовтің, С. Мұқановтың пікірі, Орталық Қазақстанның ақындарының мақалалары негізге алына отырып зерттеу жүргізілді. Бұл салада айтыскер ақындардың назарынан тыс қалатын жайттар жоқтың қасы еді. Ақындар халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған сүйеніштері, «аяқ-қолдары» іспеттес еді. Баяғыдан келе жатқан айтыстың жазылмаған, бірақ жұрт мойындаған кодексі осы. Осы ерекшелігі жойылған жерде айтыстың халыққа еш керегі де болмайды. Айтысқа саясат, билік араласса, онда ол өзінің қасиетін, қоғамдағы орнын жояды, қадір-қасиетінен айырылады. Алайда, кеңестер дәуірінде сөз еркіндігіне шектеу қойылып, айтыскерлер аузына қақпақ қойылғандықтан, олар өз ойын ашық айта алмайтындай болды. Жалпылама айтылған сындар болмаса, нақты мәселелерге келгенде үкіметтің ресми саяси позициясымен есптеуге тура келді. Сондықтан айтыскерлер де айтысуға ынталы болмай, айтыс дамымай, тоқырау кезеңін басынан кешірді. Оның себебін сол айтыс демократиясына жасалған қиянаттан деп білген абзал. Дегенмен сол заманда да айтыс қоғамдық пікірдің көшбасшысы бола алды. 1940-жылдардағы Кенен мен Нартайдың, Болман мен Шашубайдың, Орынбай мен Майасардың, Доскей мен Қуаттың ең таңдаулы жырлары аталы сөздің алдындағы адалдықтың көрінісі болғанын сөз танитын кісі ұғынады. Бұлар бұрынғы ұлы ақындардың көзін көрген, суырып салма дәстүрдің бастауынан нәр алған адырна жақ ақындар еді. Оларды көре қалған кейінгі ақындар да шындықты айтудың ақындық парыз екенін жақсы түсінді. Орайы келген кезде опырып айтып, төкпе жырдың тарпаң да таза табиғатын көрсетіп отырды. Осылайша әр



кезеңде алдаспанын алмасқа суарған ақындық өнер кешегі тоқырау аталған заманның да жаназасын өзгеден бұрын шығара бастағанын көзіміз көрді. Құрсауы босап, уығы ыдырай бастаған қызыл империяның үкімін 80-жылдардың басында ақындар айта бастады. Осы тұста жаңа серпінмен қанатын қаққан жыр додасы жылдар бойы ішіне бүккен қуат-күшін қайта бұлқынтты. Сөз киелерінің алдын көрген, өнегесін алып қалған Манап, Қалихан, Көкен, Көпбай сынды саңлақтар дәл осы кезде сахна төрінде саңқылдап, айтыс өнерінің жаңа дәуірінің көшін бастады. Қазақстанның 60 жылдығы дейтін «ойдан шығарылған» мерекеге орай өткізілген айтыстың және Кенен мерейтойына арналған 1983 жылғы айтыстың дүмпуімен атамұра өнер қайта дәуірлеп, талантты айтыскерлердің тұтас бір легі санатқа қосылды. Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілов, Шолпан Қыдырниязова, Аяз Бетбаев, Мұхтар Құралов, Шынболат Ділдебаев, Қатимолла Бердіғалиев секілді дарынды қыз-жігіттер өртенге өскен қамыстай қаулап шыға келді. Ең ғажабы дәл сол тұста Қазақ Республикасының теледидары ақындар айтысына өлшеусіз ықылас танытты. Жаңа технологиямен жарактанған телеарна салтанатты сарайларда айтыстар өткізіп, оны бүкіл республикаға көрсетіп отыруды үрдіске айналдырды. Көп кешікпей облысаралық ақындар айтысы басталып кетті. Ақындардың іріктеу сайыстары өткізіліп, оның жеңімпаздары облыстың намысын қорғауға шықты. Бірнеше жылға созылған бұл жыр бәсекесінде осынау өміршең өнерге басшылары оң көзбен қараған Шымкент, Жезқазған, Торғай, Орал, Қызылорда секілді облыстар тұтас ақындық мектеп қалыптастырып үлгерді. Ақындар келешекте өздері айтысатын облыстарына сапарға шығып, ондағы шаруа жайымен танысып, нақты өмір фактілерін айтыс объектісіне айналдыруды дәстүрге енгізді. Қазақ теледидарының редакторлары ел ішіне шығып, талаптарды іздеп тауып, оларды үлкен айтыстарға қосып, талабын ұштады. Осы жыр думандарын өткізуге Рахманқұл Бердібай, Тұрсынбек Кәкішев, Нығмет Ғабдуллин, Мырзабек Дүйсенов, Серік Қирабаев секілді ғалымдарымыз, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев секілді айтулы ақындарымыз белсене атсалысып, халық өнерінің абыройын асыруға өз үлестерін қосты [3, б. 5-6].

Зерттеу нәтижелері

Әр облыста, әр ауданда, ауылда қайнаған тірліктің тап қасында жүрген айтыс ақындары үкіметтің көзі мен құлағына, сонымен қатар халықтың олар туралы пікірінің жаршысы іспеттес еді. Ұлттық рухтың оянуына, тіл мәртебесінің биіктеуіне, кейінгі жастарды, ұлт ұрандарын ұлы дәстүрдің ұясына ұршықтай үйіріп, үйір етуге сіңіретін еңбегі қаншама. Тіпті жер шарын мекендеген халықтардың бірде-біреуінде болмауына байланысты қазақ болғаныңды мақтаныш тұту сезімі де өз-өзінен өркен жаяды. Бұл өнердің орталық өңірде қайта жанданып, алға қадам басқаны 1978-80 жылдарына келеді. Жерлесіміз Жүрсін Ерманов сол кездерде облысаралық теледидарлық-командалық айтыстарды насихаттап, жер-жерлерде нақты ұйымдастыруға кірісті. Әр қазақтың қанында қалғып жатқан қасиетті өнер дүр сілкініп, жүректей дүрсілдеп жөнелді. Әр облыстың топтан озған тарланбоздары тартысқа түсіп, таныла бастады. Біздің облысымыздың намысын қорғап Шынболат Ділдебаев, Ағайша Қорғанбекова, Мақсұт Шәкенов, Ғазиз Ештанаев, Ермек Омаровтай суырыпсалма ақындар шықты. Қазіргі кезде олардың әрқайсына әртүрлі баға беруге де болар. Бірақ сол уақыттағы облыстық командалардың ішінде жезқазғандықтардың айбыны ешкімнен кем болмағанын көзіқарақты көрермен жақсы біледі. Әр төбенің бауырынан бүлкілдей аққан бұлақтардың бір арнаға тоғысып өткелмес бермес өзенге айналып, асау ағысымен көрген жанды желіктіріп, еліктіретіні сияқты бұл азаматтар да талайдың талантын жарқыратып ашуға себепкер болды. Сахнаға айтыскердің келесі тегеурінді тобы шықты. Олар Мұқаш Сейтқазинов, Дүйсенбай Жұмасейітов, Рамазан Сәттібаев, Света Жумкина, Қуаныш Мақсұтовтар еді. Осы ақындар топтасып та, дара жүріп те Жезқазған



айтыскерлерінің атын асқақтатып, талантына табынушыларға талай мәрте олжа салды. Бұл уақытта республикада айтыс өнері шын мәнінде жарқырай көрініп, суырыпсалма айтыста сағаттап шапқанда «қолтығы» терлемейтін небір жүйріктер есімі жұрт аузынан түспейтін болған. Бұл ұлы дүбір аламанда біздің жүйріктеріміздің де өз орны қалыптасып қалған болатын. Әсіресе табиғатынан төкпе ақын Мұқаш Сейітқазинов домбырасыз «даридайлап» жүріп-ақ айтыс жанкүйерлерінің жүрек төрінен орын алып қана қоймай, «мен» деген талай ақынға өзінің түпсіздігі мен ұшқырлығын танытып үлгерді.

Жезқазғандағы айтыс өнерінің өркендеуіне «Ұлытау үні» фестивалі өлшеусіз үлес қосты. Жоғарыда аталған ақындардың көбісі осы фестиваль сахнасында алғаш танылып, ширап шынықты. Облыс уақытында осы фестивалге Жезқазғанның атынан 44 ақын қатысты. Осы облыстық фестивалге республикамыздың түкпір-түкпірінен азулы, айтулы, сақа ақындар да көптеп шақырылып, айтысып жататын. Мұның тиімділігі жергілікті ақындар айтыс сайын танымал айтыскерлерді жақыннан көріп, еліктеп, олармен қағысуға жүрек тоқтатып, үйреніп қалатын [4, б. 11].

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, ақын, жыршы-термеші Сәтбаев, Қызылорда, Ақтөбе қалаларымен Шиелі ауданының Құрметті азаматы, Республикамыздың дербес зейнеткері Шынболат Ділдебаев 1937 жылы Қызылорда облысының Сұлутөбе мекенінде дүниеге келген. Шынболат ақын айтыскер ретінде Жезқазған облысы ақындарының капитаны мәртебесін иеленіп, жүлделі бәйгелерде алға шаба бастады. Естеліктерде айтылатындай оқалы шапаны сұңғақ бойына құйылған, жүзінен нұр тамған ақсары ақынды республиканың залдары зор қошеметпен қарсы алып отырды. Естеліктерде әуезді мақамы, астарлы өлеңімен айтыссүйер қауымды елітіп әкететін қырының өзі ерекше екенін еске алады. Дуылдатып қол да соқтық. «Әйебой!» деп әлемнің бар шуағын іле келетін әдетімен облыстық радио үйіне бір бас сұққанында, «Шәке, айтыс екпін алып кетті ғой. Шәкірттеріңізді енді қайда бастап бармақшысыз?» – дегенімізге «Айтыс керуені алысқа барады. Әлемді аралайтын болады. Ал жетекшілік тізгінді ұстайтын жігіттер жетеді», – деп еді марқұм өзіне тән кеңпейілдікпен. Шынболат Ділдебаев айтысқа қырық жасында келді. Бұл кезде оған дейін облыстың, қаланың, ірі өндіріс құрылымы «Жезқазғантүстіметалл» комбинатының мәдени өміріне етене араласып өзін шыңдап жүрген өнер өкілі керме үзер «жарау аттай» еді. Жезқазған облыстық теледидарында телевизиялық үлгідегі айтыс ұйымдастырылатын болып, идея авторы Жүрсін Ерманов сахнаны жатырқамайтын ақындар іздейді. Бірақ ол кезде суырыпсалмалар табу жарық күнде майшаммен жоқ қарағандай еді. Ақындар көп, алайда олар – толғатып жазған жырларын әсерлене қолын көкке сермеп әруақтана оқитындар. Бірақ шаппа-шап айтыскер жоқ. Жүрсін сол өңірге аты мәлім әрі өндірісті жақсы білетін Шынболат Ділдебаев пен Мәлік Алтыруовқа қолқа салды. Шынболат ойнақы, тапқыр өлеңге үйір болса, Мәлік – қикар өлеңнің өкілі. Қос ақынның: «Жүрсін-ау, мұның қалай, халықтың алдында қақалтып-шашалтып өлтірейін деп пе ең?» – дегендеріне: «Қорықпаңдар, сендер – жаттықтырушысыңдар, айтатындар – басқалар. Оларға өлең жазып бересіңдер», – дейді. «Мұның жөн екен» деп ақындар жобалық тапсырмалар алып, жөндеріне аттанады. Берген тапсырманы тап-тұйнақтай орындап мерзімінде әкелген Шынболаттың қарсыластар жағының өлеңін байқап көруге аңсары ауады. Бірақ Мәлік әлі шаруаның мұртын сындырмаған еді. Теледидарға түсіруге бір-ақ апта қалған. Мәкеннің ісінің оңбайтынын сезген Жүрсін мейманхананың бір бөлмесін алып, тоңазытқышқа азық-түлік толтырып Мәлік Алтыруовты соған «қамап» сыртынан жауып кетеді. «Үш күнге дейін есікті ашпаңдар,өзім келіп шығарып әкетемін» деп мейманхана әкімшілігіне қатаң тапсырады. Сөйтіп, көптен күткен айтыс та өтеді. Бұл кеншілер мен металлургтер арасындағы айтыс бүгінгі аламан айтыстың алғашқы қарлығашы еді.



Шынболат айтысқа Жезқазған облысының атынан қатысты. Одан әрі айтысқа ден қойған Шынболат облыстың бас ақыны ретінде торғайлық ақын Қонысбаймен, шымкенттік Әселханмен, қостанайлық Әсиямен делебені қоздырар сөз қақтығыстары, ұйқастары көрермендерінің есінде. 1980 жылдардағы айтыстың жұлдызына айналды. 1987 жылы Керекуде өткен айтыста аты дүркіреді. Кейін айтысты қойып, жас айтыскер ақындарды тәрбиеледі. Өзі термешілікке, жыршылыққа ауысты. Сыйластыққа негізделген сөздер, әсем әуендер сол кез айтыстарының бекзаттығын көз алдына әкеле береді. Ата-бабадан қалған сөз жауһарын кестелеген сал-серілер ортасында Шынболат та бар еді [5, б. 8]. Қазақ әдебиеті тарихында ХХ ғасырдың орта ширегінен тәуелсіздікке дейінгі кезең аралығында ақын-жазушылыр, термеші-айтыскерлер көптеп шықты. Әр ақынның, жазушының өзіндік қолтаңбасы қалыптасып, ерекшеліктері байқала түсті. Алайда қазіргі жас ұрпақ керемет жыр-жауһарлармен таныс емес, өлең жолдарын білсе де авторын білмей жатады. Осыған орай зерттеу объектісі ретінде Шынболат Ділдебаевты алып, өлең-жырларын таныстырып, кеңінен насихаттауға көңіл бөлу қажет.

Қазіргі ақындар айтысы мазмұнмен қатар түр жағынан өзгерді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыстың ежелгі дәстүріне құрмет көрсетіліп, айтыскерлердің еркін ой толғап, кең көсіле құлаштауына жол ашылды. Тілінің тұсауы кесілді. Соның нәтижесінде айтыс өнері тұла бойындағы қасиетін сақтай отырып, халқымызбен қайтадан жаңаша қауышты. Ақындардың ойы да, сөзі де шешілді. Еркін ойлайтын, батыл айтатын, бетінен ешкім қақпаған кең тынысты жас буындар келді. Олар қоғамдық, әлеуметтік саладағы көлеңкелі тұстарды дөп басып, дәл танып, жетер жеріне жеткізіп айтуға тырысты. Жеткізіп айтты да. Ақындарға бұл тұста айтар тақырыпты да дәуір өзі даярлап берді. Арғы бодандық қамытын алғаш киген кезеңді айтпағанда, Кеңестер Одағының құрамында болған 70 жылдық саяси тар шеңбер, экономикалық қысым, рухани бұғаудан енді құтылған жас мемлекетімізге кемелденіп толысудың жолы бұралаң болды. Ол тек қана мемлекеттің емес, жеке кәсіпкерлердің де, саяси тұлғаладың да басынан өтті. Бұғаудан құтылған жұрт болса, елдің бір-ақ күнде дүниедегі озық елдердің қатарынан көрінуін армандады. Осы ойдың көшбасында ақындар жүрді. Сөйтіп ақынның айтамын, жеткіземін дегенін заман өзі жасап берді. Сондықтан айтыскерлер ел өміріне қатысты кемшіліктерді айта қалса, жұрт қолдап әкетіп отырды. Бұл ақындардың ел алдындағы беделін көтерді. Еркін ойды ақтара айтқан, көкейіндегісін тапқан ақындарын жұрт аңсап қарсы алды. Ақындардың ағат басқан, асыра сілтеген, байыбына бармай байбалам салған, жеткізе айта алмаған кездері де болды. Оған да жұрт кешіріммен қарады. Халыққа жаттанды емес, суырып салма айтатын, көз алдында туатын нағыз импровизаторлық өнер керек. Айтыста өлең айту өз алдына, айтқан сөзін халыққа жеткізе білу ақыннан үлкен шеберлікті талап етеді [3, б. 8].

Қорытынды

Бүгінгі айтыстарда сөз тарландарының келемеждеп, бірін-бірін кемітіп, намысқа тиетін ауыр сөз айтып, төмен түсіру жоқ. Әр айтыскер таным-деңгейінің биігіне сай сөз жарыстырып, реті келсе әзілдесіп, көкейіндегі сауалдарын да қойып үлгеріп жатады. Бұл айтыстың жан-жақты өрістеп, кемелденіп, толыса түскенін көрсетеді. Байырғы айтыстарда ақындар өз руының сөзін сөйлеп, сойылын соғатын. Сондықтан рудың атына кір келмес үшін намыстанып, ауыр сөздер болсын көтеріп, өз биігінен құламауға әрекет жасайтын. Қазіргі таңда Сәтбаев қаласының айтыс-сүйер қауымы жыл сайын дүлдүл айтыскер Шынболат Ділдебаев атындағы айтысты асыға күтеді. Айтысқа жиналатын қауым жыр сайысының қасиеті мен қадірінің асқақ екеніне көздері жетіп келеді. Сәтбаев қаласында дәстүрге айналған сөз бәйгесіне бір кездері халыққа таныс, шаршы топта өнер көрсетіп жүрген ақындар қатысса, бүгінде қатарынан қалыспай, үлкендердің жолын жалғамаққа жас ақындар да атсалысып келе жатыр. Жас ақындардың жыр додасын дәстүрлі түрде өткізуді қолға алған



қала басшысы жылдағы дәстүрден жаңылмай келеді. Дәстүрге айналған жас ақындар айтысы қала халқының қызығушылығын оятып, делебесін қоздыруда. Ол сондай-ақ жас ақындардың жұртшылық алдында өздерін ұстауға, өз ойын ортаға салуға тікелей әсер етеді. Шынболат Ділдебаев атындағы айтыс бір кездері облыс деңгейінде өткен болса, кейінірек республикалық және халықаралық деңгейге дейін өсіп қарыштады. Айтыс мәдениетіне деген халықтың сұранысы артқанының белгісі іспеттес. Бұл айтыс мәдениетінің рухани өсіп жатқанын, қала әкімдігінің қолдауының орасан зор күшін байқатады. Қазір де сан ғасырлық тарихы бар, ежелгі өнердің бірі айтыс өнерінің тоқтамай өркендей беруін айтысүйер қала халқы да, халықты жыл сайын көруге асығатын айтыскерлер де тілеуде.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Әуезов М. Мақалалар мен зерттеулер. Көптомдық шығармалар жинағы / М.Әуезов. – Он жетінші том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 347 б.
- [2] Алманов Ә. Қазақ халық әдебиеті. Айтыстар. Көптомдық шығармалар жинағы / Ә. Алманов. – Бірінші том. – Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.
- [3] Жолдасбеков М. Қазақ өнерінің антологиясы. Айтыс (Кеңестік кезеңге дейінгі айтыс). Жиырма бес томдық. / М. Жолдасбеков. – Бірінші том. – Астана: Күлтегін, 2014. – 400 б.
- [4] Омарұлы Ә. Жүздеген ұлттар ішінен қазаққа ғана қонған бақ. / Ә. Омарұлы // Сарыарқа. – 2003. – №10. – 20 б.
- [5] Тілеуов А. Шыңға біткен шынар / А. Тілеуов // Егемент Қазақстан. – 2007. – №224. – 24 б.

REFERENCES

- [1] Ayezov, M. (1985). Maqalalar men zertteyler. Koptomdyq shygarmalar jinagy. On jetinshi tom [Articles and researches. Collection of multi-volume works. Volume the seventeenth]. Almaty: Jazyshy [in Kazakh].
- [2] Almanov, A. (1988). Qazaq halyq adebieti. Aitystar. Koptomdyq shygarmalar jinagy. Birinshi tom [Kazakh folk literature. Aitys. Collection of multi-volume works. Volume 1]. Almaty: Jazyshy [in Kazakh].
- [3] Joldasbekov, M. (2014). Qazaq onerinin antologiyasy. Aitys (Kenestik kezenge deiingi aitys). Jyirma bes tomdyq. Birinshi tom [Anthology of Kazakh art. Aitys (pre-Soviet aitys). Twenty-five volumes]. Astana: Kultegin [in Kazakh].
- [4] Omaruly, A. (2003). Juzdegen ulttar ishinen qazaqqa qongan baq [Happiness, which is given only to Kazakhs among the hundreds of the nation]. Saryarqa, 10, 20 [in Kazakh]
- [5] Tileyov, A. (2007). Shynga bitken shynar [Shynar at the top]. Egemen Qazaqstan, 224, 24 [in Kazakh].

Дильдебаева Ж.Ш., Ержанова С.Б.

ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ АЙТЫСКЕР ШЫНБОЛАТ ДИЛЬДЕБАЕВ

Аннотация. В статье рассказывается о народном жанре, об одном из древних искусств казахского народа – об айтысе. Становление и развитие искусства айтыса, мнения исследователей об искусстве, поэтах, принимавших участие в его развитии, и сыновьях и дочерях священной земли Улытау, покоривших вершину искусства айтыса во второй половине XX века. Так же в статье говорится о народном любимце, поэте-импровизаторе, жырышы-термеши Шынболат Дильдебаеве, о биографии поэта, его ярком образе в айтысе и искусстве айтыс, ставшее маяком искусства умершего поэта, которое продолжается и по сей день, дается информация об айтысе, названного в честь поэта, на национальном и международном уровнях.

Ключевые слова: айтыс; искусство; акын импровизатор; айтыскер; Жезказганский Шынболат; главный поэт; горняк.

**Dildebayeva Zhaina, Yerzhanova Saule****THE GREATEST AITYSKER SHYNBOLAT DILDEBAYEV**

Annotation. The article tells about the folk genre, about one of the ancient arts of the Kazakh people - about aitys. The formation and development of the art of aitys, the opinions of researchers about art, poets who took part in its development and the sons and daughters of the sacred land of Ulytau, who conquered the top of the art of aitys in the second half of the twentieth century. The article also talks about the people's favorite, poet-improviser, zhyrshy-termeshi Shynbolat Dildebaev, about the poet's biography, his vivid image in aitys and the art of aitys, which became a beacon of the art of the deceased poet, which continues to this day, information is given about aitys, named after the poet, nationally and internationally.

Keywords: aitys; art; akyn improviser; the aitysker; Zhezkazgan's Shynbolat; main poet; miner.